

175 «ЖАҢА ҒАСЫР» ГИМНАЗИЯСЫ

АШЫҚ САБАҚ
6 СЫНЫП

«САН ЕСІМДІ ҚАЙТАЛАУ»

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ МҰҒАЛІМІ:
ШӘРІП ҚАРЛЫҒАШ ӘЛІМХАТҚЫЗЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
2017



Білімділік

- Ұлпанның бейнесін ашу, оқыған, түйген, ерекше жайттарды әңгімелеуге, білгендерін көрсетуге, көркем шығарманы талдай айтуға дағдыландыру

Дамытушылық

- Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, талдау жасауын, негізгі ой-пікірлерін сұрыптау мен жүйелеуге дағдыландыру және ойлау қабілетін, ой-өрісін, сауаты сөйлеу мәдениетін дамыту, өз көзқарасын дәлелдеуге үйрету .

Тәрбиелік

- Кейіпкер бейнелерін талдау арқылы оқушыларды қазақ халқының бойындағы адамгершілік, отбасылық жарасымдылыққа тән ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу;

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

«Білімді
байқап көр»

«Сұрақтард
ы ұстап ал»
«Ойлан,

Бірік,

Бөліс»
оқулықпен
жұмыс

«Мақал
құра»

«Сен қалай
ойлайсың?»

«Серпілген
сауал»

Семантикал
ық карта
шығармашы
лық


тапсырма

- 1-кезең: «Білу»
- 2-кезең: «Түсіну»
- 4-кезең: «Талдау»
- 3-кезең: «Қолдану»
- 5-кезең: «Жинақтау»
- 6-кезең: «Баға беру»

1-КЕЗЕҢ: «БІЛУ»

«БІЛІМІҢДІ БАЙҚАП КӨР».

СЫЗБА БОЙЫНША ЕРЕЖЕ ШЫҒАРУ.



1 сұраққа - 1 балл

2-КЕЗЕҢ: «ТҮСІНУ»

1.«Сұрақтарды ұстап ал» тәсілі.

- Қазақ тілінде 42 саны нені білдіреді?
- Мыңмен жалғыз алысқан қай ақын?
- Әдебиетте 45 саны нені білдіреді?
- Жасы жүзге жеткен қарт бүкіл өмірінде туған күнін 25 рет қана тойлайды. Кім ол?
- Қазақ тілінде 9 нені білдіреді?
- 5 асыл мен 5 дұшпанды тап.
- Төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Үзінді қайдан алынған?
- Фонетикада 26, 12, 9, 3, 2 сандары нені білдіреді?

«Сұрақтарды
ұстап ал»

Әр жауапқа - 1 балл

2-КЕЗЕҢ: «ТҮСІНУ»

2. «Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі.

«Бірлік» тобы

Топқа бөлу:

1-топ - «Бірлік» тобы

2-топ - «Ондық» тобы

3-топ - «Жүздік» тобы

«Ойлан,
Бірік, Бөліс»

№	Тапсырма	дұрыс	қате
1	Күрделі сан есімнің әр сыңары бөлек жазылады		
2	лаған,- леген, -даған,- деген болжалдық сан есім		
3	Мен б-сыныпта оқимын (сан есімнің емлесі)		
4	Екі, он, жиырма туынды сан есімге жатады		
5	Сан есім құрамына қарай екіге бөлінеді		
6	Бес-алты, жүз шақты дара сан есім		
7	Цифрмен берілген сан есімдерге жалғанатын жалғау дефис арқылы жазылады 70-ке, 10-нан		
8	Жиырмаларда – есептік сан есім		

7-8 дұрыс жауапқа - 2
балл
4-6 дұрыс жауапқа - 1
балл
0-3 дұрыс жауапқа - 0,5
балл

2-КЕЗЕҢ: «ТҮСІНУ»

2. «Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі.

«Ондық» тобы

№	Тапсырма	дұрыс	қате
1	Сан есім қандай? сұраққа жауап береді		
2	Күрделі сан есімдер қосарлану, тіркесу арқылы жасалады		
3	Сан есімнің мағыналық түрі -екеу		
4	Жетінші-реттік, күрделі сан есім		
5	Жинақтық сан есім нешеу? деген сұраққа жауап береді		
6	Шамалы, шақты көмекші сөздері реттік сан есіммен тіркесіп келеді		
7	Екілерде-болжалдық сан есім		
8	Есептік сан есім қанша? неше? деген сұраққа жауап береді		

«Ойлан,
Бірік, Бөліс»

7-8 дұрыс жауапқа - 2
балл
4-6 дұрыс жауапқа - 1
балл
0-3 дұрыс жауапқа - 0,5
балл

2-КЕЗЕҢ: «ТҮСІНУ»

2. «Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі.

«Жүздік» тобы

№	Тапсырма	дұрыс	қате
1	Сан есім мағынасына қарай үшке бөлінеді		
2	Жинақтық сан есім жұрнағы –ау, -еу		
3	Бес-бестен болжалдық сан есім		
4	Он шақты болжалды сан есім		
5	Жиырма екінші – реттік күрделі сан есім		
6	XXI ғасыр – білім ғасыры		
7	қаншадан? нешеден? топтау сан есім сұрағы		
8	2,3 саны реттік сан есім		

«Ойлан,
Бірік, Бөліс»

7-8 дұрыс жауапқа - 2
балл
4-6 дұрыс жауапқа - 1
балл
0-3 дұрыс жауапқа - 0,5
балл

3-КЕЗЕҢ: «ҚОЛДАНУ».

Кітаппен жұмыс (130-131-жаттығулар)

Практикалық дағды қалыптастыру кезеңі.

Міндетті деңгей тапсырмалары:

- 130-жаттығу бойынша берілген есептік сан есімдерден реттік, топтау, жинақтық, болжалдық сан есімдер жасап, сөзбен жазу.
- 131-жаттығу. Дара сан сан есімдерді бір бағанға, күрделі сан есімдерді екінші бағанға жазу.

4-КЕЗЕҢ: «ТАЛДАУ».

1. Топтық жұмыс

«Бірлік» тобы

«Мақал құра». Елбасының «Үш тұғырлы тілдер» жобасын іске асыру мақсатында, берілген мақал – мәтелдердің ішінен түсіп қалған сан есімдерді тауып, үш тілде айту тапсырылады.

- 1) атасын білмеген жетесіз.
- 2) Қызды... үйден тию.
- 3) ала болса, ауыздағы кетеді.
- 4) ... түгел болса, төбедегі келеді.
- 5) Білекті... жығар,
- 6) Білімді... жығар.
- 7) Білгенің..., білмегенің....
- 8) өлшеп,... рет кес.

4-КЕЗЕҢ: «ТАЛДАУ».

1. Топтық жұмыс

«ОНДЫҚ» тобы

«Сен қалай ойлайсың?». Берілген сөйлемдерден, мақал-мәтелдерден, нақыл сөздерден сан есімді тауып, мағынасын анықтайды. Морфологиялық талдау жасайды.

- 1) Атадан алтау, анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ. (Абай)
- 2) Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
- 3) Жиырма-отыздай жылқысы, екі-үш жүздей қойы, жиырма-отызға тарта сауын сиыры бар.(С. Мұқанов)
- 4) Білікті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар. (мақал)
- 5) Олар бүгін футболды бірінші ойнайды.
- 6) Ұл он беске келгенше,
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың...(Үмбетей жырау)

4-КЕЗЕҢ: «ТАЛДАУ».

1. Топтық жұмыс

«ЖҮЗДІК» тобы

«Серпілген сауал» әдісі.

- Реттік сан есімдер араб, рим цифрларымен берілгенде жазылуында қандай ерекшелік болады?
- Күн, жыл аттары араб цифрымен берілген қалай жазылады.
- Есептік сан есімге –ау, -еу жұрнақтары жалғанғанда қандай өзгеріс болады?

Әр топ мүшесіне - 2
балл

5-КЕЗЕҢ: «ЖИНАҚТАУ»

1. СЕМАНТИКАЛЫҚ КАРТАНЫ ТОЛТЫРУ

Семантикалық
картаны толтыру

Сөздерден сан есімдер шығару, құрамын анықтау	Сандарды жазу	Дара сан есім	Күрделі сан есім
Оның кекілі қысқа қиылыпты.			
Ауыз бірлікті нығайту керек.			
Алтын жүзік			
Жүзім біркелкі пісіпті			
Тоғызқұмалақ			
Балтыр			
Мыңбай – күшті жігіт			
Тонның ішкі бауындай			
Дербес ел			
Оның бесігі			
Желтоқсан айында болған оқиға			

1 балл

6-КЕЗЕҢ: «БАҒА БЕРУ»

□ 1. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА.

«Бірлік» тобы

«Біздің сынып» тақырыбына құрамына есептік, реттік сан есімдері болатын шағын мәтін құрау.

«Ондық» тобы

3,5,7,40 сандары киелі сандар деп жатады. Осыны нақты мысалдар келтіру арқылы дәлелдеңіздер.

«Жүздік» тобы

Атауында сан есім кездесетін қандай халық әндерін білесіздер? Оларда не жайында айтылатынын өз ойларыңызбен дәлелдеңіздер.

□ҮЙГЕ ТАПСЫРМА:

I ТОП. «Егер мен бизнесмен болсам... ». Математикалық есептен тұратын мәтін құрастырып келу.

II ТОП. Өздері оқыған көркем әдебиеттен сан есімі бар 5 сөйлем жазып келу.

III ТОП. 138 – жаттығу, 126–бет

6-КЕЗЕҢ: «БАҒА БЕРУ»

РЕФЛЕКСИЯ



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

